



Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 8 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 03 ақпанда № 4736 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 және 139 баптарына сәйкес Мәртөк ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Барбосыновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Н. Қалауов
Мәртөк аудандық мәслихатының хатшысы А. Смағұлов 12 қаңтар 2016 жылы	

	Мәртөк ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 8 қаулысына қосымша
--	--

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

№	Лауазым атаулары
1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың лауазымдары	
1	Барлық мамандықтардың дәрігерлері
2	Барлық мамандықтардың орта деңгейдегі медициналық қызметкерлері
3	Әлеуметтік педагог
4	Психолог
2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары	
5	Әлеуметтік қызметкер
6	Бөлімше меңгерушісі
7	Бөлімше кеңесшісі
8	Жұмыспен қамту орталығының директоры
9	Жұмыспен қамту орталығының маманы
3. Білім беру саласындағы мамандардың лауазымдары	
10	Білім беру мекемелерінің барлық мамандықтардың оқытушылары

11	Жалпы білім беру мектебінің директоры
12	Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі
13	Дене тәрбиесінің жетекшісі
14	Алғашқы әскери дайындық жетекшісі, оқытушысы
15	Жалпы білім беру мектептерінде және орта, жалпы, бастауыш және қосымша білім берудің өзге ұйымдарында оқу-өндірістік, оқу-тәрбиелік, тәрбиелік істер жөнінде директордың орынбасары
16	Білім беру мекемелерінде тікелей оқу-өндірістік, оқу-тәрбиелік қызметпен айналысатын бөлім меңгерушісі (спорттық кешен меңгерушісі)
17	Педагог психолог
18	Аға тәрбиеші, тәрбиеші
19	Әлеуметтік педагог
20	Мектепке дейінгі балалар ұйымының музыкалық жетекшісі
21	Аға басшы, басшы
22	Мектептен тыс ұйым директоры
23	Аға шебер, өндірістік оқу шебері
24	Лаборант
25	Диеталық бике
26	Аға әдіскер, әдіскер
27	Оқу бөлімінің меңгерушісі
28	Кітапхана меңгерушісі, кітапханашы
29	Шығармашылық шеберханасының жетекшісі (білім беру ұйымдарында)
30	Лагерь бастығы (қорғаныс-спорттық, сауықтыру, мектептік еңбек және демалыс)
31	Мұғалім логопед
32	Педагог ұйымдастырушы
33	Қосымша білім беру педагогі
34	Мұғалім дефектолог
35	Оқу-тәрбиелік қызметпен тікелей айналысатын музыкалық жетекші, сүйемелдеуші, концертмейстер
36	Еңбек және дене тәрбиесі жөнінде нұсқаушы
37	Дәрігер педиатр
38	Хореограф
39	Мәдени ұйымдастырушы
40	Көркемдік ұйымдастырушы
41	Бағдарламаны қамтамасыз ету бойынша маман, инженерлер
42	Интернат меңгерушісі
4. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары	
43	Директор
44	Музыкалық жетекші
45	Әдіскер
46	Библиограф, кітапханашы
47	Кітапхана меңгерушісі
48	Бөлім меңгерушісі

49	Менеджер
50	Мәдени ұйымдастырушы
51	Сүйемелдеуші
52	Хореограф
53	Дирижер
54	Ансамбль жетекшісі
55	Ауылдық клуб ұйымдастырушысы
5. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары	
56	Директор
57	Оқу ісі жөнінде директордың орынбасары
58	Әдіскер
59	Дәрігер
60	Бапкер оқытушы
6. Ветеринария саласындағы мамандардың лауазымдары	
61	Ветеринарлық станция директоры
62	Ветеринарлық станция директорының орынбасары
63	Ветеринарлық пункт меңгерушісі
64	Бас ветеринарлық дәрігер
65	Ветеринарлық фельдшер
66	Ветеринарлық санитар